



Ы. Алтынсарин атындағы облыстық
балалар мен жасөспірімдер кітапханасы
Ақпаратты - библиографиялық бөлім

Областная библиотека
для детей и юношества им. И. Алтынсарина
Информационно-библиографический отдел

Оралхан Бөкеев: шығармашылық ЖОЛЫ

(«Бір ел – бір кітап» акциясы)

Жадынама



Оралхан Бөкеев: путь к творчеству

*(акция «Одна страна — одна книга»)
Памятка*

Қостанай, 2012

Мазнұны
Содержание

«Бір ел – бір кітап» акциясы-----3
Акция «Одна страна — одна книга»-----4
Өмірі мен шығармашылығы -----5-8
Оралхан Бокеев: жизнь и творчество -----8-12
Еңбектердің әліпбелік көрсеткіші -----13
Өмірі мен шығармашылығы жайында әдебиеттер-----13-15

«Бір ел – бір кітап» акциясы

Қазақстандық «Бір ел – бір кітап» жобасының идеясы АҚШ-та өте танымал болған «Бір кітап, бір Чикаго» және «Егер Сиэтлдің бүкіл тұрғыны бір кітапты оқыса» деген кітапханалық жобаларына негізделген. Шартқа сәйкес бүкіл қала тұрғындары бір мезгілде бір шығарманы оқуға тиіс.

Бір кітапты жалпы қала болып оқу идеясы АҚШ-тың солтүстік-батысындағы ірі қала Вашингтон штатына қарасты – Сиэтл көпшілік кітапханасының кітап орталығы тарапынан ұсынылған. 1998 жылы «Егер Сиэтлдің бүкіл тұрғыны бір кітапты оқыса» тақырыбымен алғаш өткізілген акцияның мақсаты – Сиэтл халқының бірлігін нығайту және оларға оқуды насихаттау. Бұдан соң осыған ұқсас мәдени шаралар Чикаго, Буффало, Рочестер қалаларында да ұйымдастырылды.

«Бір кітап, бір Чикаго» (*One book, one Chicago*) бағдарламасы Чикаго жұртшылығына белсенді ықпал ету арқылы Чикаго көпшілік кітапханасында басталды. Оның негізгі мақсаты қаланың ересек тұрғындары мен жастарын бір кітапты бір уақытта оқуға және оны ұжым болып - отбасында, жұмыста жолдастары мен таныстары арасында, кітапханаларда, оқу мекемелерінде, кітап дүкендерінде, діни ұйымдарда, кафелерде және басқа да қоғамдық орындарда талқылауға ынталандыру болып табылады. Бұл - қаланың кенеттен кітапсүйерлер клубына тән өзгерістермен құбылатын күні.

2000 жылдың қазан айында Чикаго қаласында «Чикагода кітаптар апталығы: Оқуға құмар қала» тақырыбымен тұңғыш рет қалалық фестиваль өтті. Осы фестиваль аясында қоғамдық талқылаумен және авторлар баяндамаларымен бірге кітап тұсаукесерлері, сондай-ақ семинар, экскурсия секілді басқа да шаралар ұйымдастырылды. 7 апта бойы Чикагоның он мыңдаған халқына ауқымды іс жүргізіліп болған соң, Пулитцер сыйлығына лайық деп танылған американ жазушысы Харпер Лидің (1926 ж.) «Убить пересмешника» (1960 ж.) атты романы талқылауға түсті. Кітап авторы бүкіл әлем мен осы замандық Чикаго үшін өзекті болған толеранттық және нәсілшілдік сияқты маңызды мәселелерді алға тартады.

Бүгінде «Бір ел – бір кітап» жобасының идеясы әлемдегі көптеген елдерге кең тараған (Испания, Латын Америкасы елдері және Корея т.б.). «Сто лет одиночества» романының авторы Габриэль Гарсиа Маркестің 80 жылдығына арнап Испанияда оқу марафоны өткен еді. Қалаушылар романды бірнеше күн бойы үздіксіз дауыстап оқыды. Осы марафонды Испания Үкіметі басшысының орынбасары Мария-Тереса Фернандес де ла Вега ашты. Бұдан дәл 40 жыл бұрын жарыққа шыққан романды 7 бетке сыйғызып айту үшін әрбір қатысушыға 15 минуттан уақыт бөлінді. 2003 жылы Кореяда бірлесе оқуға негізінен балалар кітабы таңдалды. Бұл жоба одан кейін «Бір кітапхана – бір кітап», «Бір ауыл – бір кітап» деген жобалар түрінде көрініс тапты. «Жаппай оқу оқигасы» жыл сайын Англияның оңтүстік-батысындағы тұрғындарды күйзелтуде. Бұл аталған облыстың барша халқы әр жылдың қаңтарынан наурыз айына дейін бір кітап оқуды қолға ала бастады. 2006

жылы олар Жюля Вернаның «Вокруг света за 80 дней» атты кітабын оқыды.
«Бір ел-бір кітап» оқырмандар акциясы анықталды.

Акция «Одна страна — одна книга»

В сентябре 2012 года в Казахстане стартовала традиционная республиканская акция «Одна страна, одна книга». Ее особенность в прочтении и обсуждении одной книги всей страной в одно и то же время. Цель проекта – пропаганда книги и высокого статуса казахской литературы, а также нравственно-патриотическое воспитание молодежи и привлечение ее к чтению, сохранение историко-культурного и духовного наследия, нравственно-патриотическое воспитание и, конечно, привлечение читателей к библиотеке. Организаторами акции являются Министерство культуры и информации РК, Национальная академическая библиотека РК. Центрами проведения акции являются библиотеки. Идея казахстанского проекта «Одна страна - одна книга» основана на широко известных в США библиотечных проектах, в рамках которых отдельно взятый американский город читает одно и то же литературное произведение в одно и то же время. Эта идея получила широкое распространение во многих странах мира, а с 2007 года к ним присоединился и Казахстан. В течение этих лет уже обсуждались произведения Абая, Ауэзова, Молдагалиева, Жумабаева и Аймаутова. Ежегодно выбор книги является делом нелёгким. Ведь произведение каждого писателя достойно внимания, каждое произведение отражает судьбы людей, исторические факты, имеет воспитательное значение, учит читателей размышлять, сопереживать.

По решению оргкомитета акции в этом году книгой проекта выбран сборник повестей и рассказов Оралхана Бокеева «Где ты, мой жеребенок белолобый». В рамках акции «Одна страна – одна книга» по всей республике пройдут встречи, круглые столы, марафоны чтения, выставки, посвященные творчеству Оралхана Бокеева и непосредственно выбранным для всеобщего прочтения произведениям, наполненным искренней и пронзительной любовью к родному краю.



"Оралханның азаматтық тұлғасы, жазушылық жолы-қиын да қилы тағдыры туралы әлі талай сыр шертiлер, мұң шағылар. Өзiнiң өмiрдастанын - көркем шығармаларын қалың елi - қазағына арнаған, аманаттаған жазушының рухани өмiрiнiң мәңгi жасайтынына өз басым сенiмдiмiн. Әр адам елдiң есiнен шыққанша ғұмыр кешетiнi рас болса, Оралхан атының қазақ тарихында қалары бiр Аллаға аян".

Құрманғали Қуанышбай

Оралхан Бөкеев (1943-1993)



28 қыркүйекте Шығыс Қазақстан облысы, Қатон-Қарағай ауданы, Шыңғыстай ауылында туған. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген (1969). 1965-1968жж. Шығыс Қазақстан облысы, Большенарым ауданы «Еңбек туы» газетінде корректор, аудармашы, редактордың орынбасары болып жұмыс істеді, Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» газетінде әдеби қызметкер, кейін «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас алаш») газетінде (1968-1974), «Жұлдыз» журналында (1974-1983) бөлім меңгерушісі, 1983-1993 жж. «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторының орынбасары, содан кейін Бас редактор болып жұмыс істеді. Есімі өзімізге де, өзгеге кеңінен танылған ерекше талант иесі Оралхан Бөкей әдебиетімізге өзіндік бетімен, өзіндік өрнегін сала келген жазушы еді.

Оның алғашқы әңгіме-повестерінен-ақ («Қамшыгер», «Үркер», «Қайдасың, қасқа құлыным») ешкімге ұқсамайтын өзінше сөз саптасы, асқақ мінезі, алғыр зерде-зейіні оқырмандарды бірден баураған болатын. Жазушының ой мен сезімді қатар өрген шығармалары бірде тұңғыық ойға жетелесе, бірде асқақтыққа, өршілікке тартып, толғау-толғаныстары кең тынысты, өзгеше үнді болып шығатын.

Оралхан өзінің-табиғат берген зерде, зейіні, сөзге, сөз өнеріне деген бейімділігі арқасында жастайынан өнерге, әдебиетке, сұлулыққа құштар болып өседі.

Мектепті бітірген соң, өз ауылында совхозда әуелі әр түрлі жұмыстар, кейінірек тракторшы болған бозбаланы сол әдебиетке деген құштарлық 1963 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне алып келеді. Сонда да ол өмірден қол үзбей, сырттай оқып, ауылдағы жұмысын жалғастыра береді.

Оралхан Бөкей бір сөзінде «мені әдебиетке әкелген журналистика» дейді.

Себебі, университеттің екінші курсынан бастап аудандық газетке ауысып, әуелі корректор, сосын тілші, кейіннен редактордың орынбасары болған ол қиын да қызықты журналистика өнерінің қыр-сырына қаныға бастайды. Ол тек аудандық газетпен ғана шектелмей, облыстық, республикалық «Лениншіл жас» (бүгінгі Жас алаш) газетіне де суреттеме-очеректер жазып өзін таныта білді. Оралхан Бөкейұлының журналистік қарым-қабілеті барынша ашылды. Газет бетінде жиі жарияланып жататын қара сөзбен жырлаған очерк-эсселері әдебиетімізге өзіндік өрнегі, өзгеше жазу мәнері бар жас қаламгердің келе жатқанын әйгілей түскен еді. «Егер мен сол алғашқы жарияланған суреттеме, очерктерімді жазбаған болсам, үлкен шеберлік мектебінен өте алмас едім» деген еді автордың өзі де. Оралхан Бөкей қолына қалам ұстағаннан-ақ, өз замандастарының мұңы мен қуанышын шынайы суреттеуге тер төкен

қаламгер. Жазушы өз заманы, қарапайым еңбек адамдар туралы көп жазған еді, оның кейпкерлері, «Қайдасың, қасқа құлынымдағы» Орал, «Өлірадағы» Қойшы, «Елең-алаңдағы» Зарлық, «Құммінезіндегі» Бархан, «Мұзтаудағы» Ақтан, «Өз отынды өшірмедегі» Дархан, «Сайтан көпірдегі» Аспан-күнде араласып жүрген қарапайым замандастарымыз. Бір ерекшелігі-бұл кейіпкерлерді әдебиетіміздегі замандастар бейнесі галереясынан басқаға шатастырмай бірден танитынымыз. Оралхан Бөкей өз кейпкерлерінің іс-әректінен гөрі, олардың ішкі әлеміне, жан-дүниесіне көбірек үңілетін қаламгер.

Жазушының творчестволық толысқанын, өскенін, нағыз реалистік, психологиялық прозаға тән арнаға түскенін айқындайтын дүниелері - 1984 жылы жарық көрген «Біздің жақта қыс ұзақ» атты кітабына еңген шығармалары деп білеміз. Бұларда да жазушы өз заманы, замандастары туралы терең толғаныстарға барып, олардың жан дүниесіне үңіліп, адам-жұмбақтың ішкі әлеміндегі жықпыл-қалтарыстарын ашуға ұмтылады. Осы кітабы үшін автор Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Бұл жазушының еңбегінің лайықты бағасы.

Оралхан Бөкей Ұлы Отан соғысы жылдары дүниеге келген ұрпақтың өкілі.

Бүгінде соғыс жаңғырығы алыстап кеткенімен, оның адамдар жүрегіне түсірген улы жарасы ада-күде жазылып кетпегенін көрсетеді. Сол қан майданға қатысқан, тылдағы ауыр еңбекке араласқан, бүгінде азайып қалған әркімнің әр жерін әлі де сыздатып, жанын жаралайды.

Жазушының «Бәрі де майдан» повесі бізді осындай ойға жетелейді.

Шығарманың негізгі қаһарманының бірі-Ақан. Қолына мылтық алып, қан майданға қатыспаса да, еңбек армиясының бүкіл ауыр жұмысын істеп мүгедек болған. Ендеше, неге мұның еңбегін елеп, ескермейді? Неге Жеңіс мерекесіне арналған жиналысқа шақырмайды? Автор мінеки, осы шындықтың қыр-сырын ашуға ұмтылады. Бар ақиқатты алдына жайып салады. Сөйтіп Ақан бейнесі арқылы қарапайым да адал еңбек адамымен, Отанын сүйген парасатты азаматпен таныстық.

Оралхан Бөкей «Бәрі де майдан» повесі соғыс кезіндегі тылдағы өмір шындықтарын шынайы көрсетумен, кейіпкер мінезін нанымды жеткізді.

О. Бөкей творчествосы шығарма сайын күрделеніп отырады. Ол-өз заманы, өзі бірге жүріп, біте қайнасқан замандастары алдындағы қарыз парызды терең түсінген қаламгер. Сондықтан да жазушы шығармаларында әр қилы түрлі ізденістерге барады.

Осы орайда автор творчествосындағы негізгі бір күрделі желіні айрықша атап айтуымыз керек. Ол осынау өмірдегі бірімен-бірі өлердей өш жақсылық пен жамандық. Жазушы әр шығармасында осы екі дүниенің арасындағы бітіспес күресті әр қырынан алып аша түсуге ұмтылған. Айталы «Мұзтау» повесіндегі жаны таза, жүрегі адал Ақтан мен алаяқ, зұлым Қанның қақтығысынан да адалдық пен арамдықтың, жақсылық пен жамандықтың айқасына куә боламыз.

Сөйтіп ол өз кейпкерлерін неғұрлым болмысы ақтарыла ашылатын, мінез-құлқы, жан-қалтарыстары жарқырап көрінетін қиын ситуацияларға араластыруға ұмтылады. Жалпы Оралхан Бөкей заман тынысын, замандас

бейнесін,әсіресе рухы күшті адамдар туралы,мөлдір махаббат, рухани тазалық жөнінде, жан сұлулығы жайында талмай ізденіп өткен жазушы. Оның «Жетім бота», «Мынау аппақ дүние» аталған повестері де бұл ойларымызды дәлелдей түскендей.

Рухани тазалық, жан сұлулығы дегенде жазушының «Өз отынды өшірме» романындағы Дархан бейнесі де назар аударалық дәрежеде. Ол-темір жол бойындағы шағын разъездің азаматы. Оның сонау жиырма бесінші жылдардан күні бүгінге дейінгі өмір жолын, ғұмыр белестерін, көрген-түйгендерін бейнелеген. Сондықтан да бұл шығарманы адам туралы,оның тағдыры хақында толғау десе де болады. Бір сөзбен айтқанда, адамның бітім болмысы, қадыр-қасиеті, қарызы мен парызы туралы терең ой-толғанысқа қалдыратын шығарма деп білеміз.

Жазушының соңғы шығармаларының бірі - «Атау кере» повесі. Бұл өзі, тоқырау кезіндегі қоғамның, заманның, адамзаттың рухани, адамгершілік дамуына әсерін шынайы суреттеген әдебиетіміздегі соңғы жылдарғы күрделі туынды.


Оралхан Бөкей драматург ретінде де көпке танымал. Оның «Құлыным менің», «Қар қызы», «Текетірес», «Зымрайды поездар» пьесаларында да бүгінгі заман тынысы, замандастарымыздың алуан түрлі адамгершілік қарым-қатынастары, арман-қиялы, ұмтылыс-құлшыныстары көрініс береді.

Қаламгер творчасының бұл саласы да өз алдында жеке әңгіме етуге тұрарлық. Жалпы мынау дүние-ғаламның, өмір-тіршіліктің жанды суреті, замандастарымыздың ішкі толғаныс-тебіренісі. Оралхан шығармаларының, негізгі арқауы, шығармаларының (әсіресе, әңгіме, повестерінің) белгілі бір тұтастықты сақтайтын сюжет. Автор ойы кейіпкер ойымен тұтасып кетеді.

Жазушы көңіл-күйінен, түйсік-сезім, ой-толғанысынан тамыр тартқан шығарманың психологиялық дүниеге айланары анық. Оралханның мына екі томдығына еңген шығармаларының көпшілігі-ақ осындай суреткерлік шынайы ізденістен, терең толғаныстан туған психологиялық туындылар. Бір сөзбен айтқанда-өмір жыры, парасат пайымы.

Түйіндей келгенде, өмірден ерте кеткенімен артына мол әдеби мұра қалдырған Оралхан Бөкей ұлттық көркемөнерімізде өзіндік орны бар ірі суреткер. Жазушының адамның сезім тұңғиығына, жан – дүние тереңіне ой-арманына үңілген шығармалары туған халқымен бірге жасасып, оның рухани игілігіне қызмет ете береді.

Оралхан Бөкей «Құрмет Белгісі» орденімен марапатталған. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының (1986), Қазақстан Ленин Комсомолы сыйлығының, Н.Островский атындағы Бүкілодақтық әдеби сыйлықтың иегері (1978).



Оралхан Бокеев: жизнь и творчество



"Великая вещь - память. Это и тем нужно, которые живут сейчас, и тем понадобится, кто придет после нас. Иначе что останется после того, как человек проходит отпущенный ему путь? Какую память оставим мы завтра о себе?". Автор этих строк Оралхан Бокеев оставил о себе достойную память - книги, запечатлевшие судьбы дорогих ему земляков, их национальные черты и характеры, обычаи и язык, чарующие красоты родного края.

Оралхан Бокеев родился 28 сентября 1943 г. в селе Чингистай Катон-Карагайского района. Имя «Оралхан» часто давали детям военной поры. Оно означает "вернись". Ведь его отец был в трудармии, а это, было не легче фронта. Но никто в деревне ветеранов трудармии не считал за участников войны. Позднее, в рассказе "Благословенный месяц май", Бокеев с болью напишет о тех, кто "воевал" на трудовом фронте: *"Не стоит скрывать, что наш труд почему-то до сих пор не оценен достойно, - с горечью рассуждает старик Акан, которого даже не пригласили в клуб на тридцатилетие Победы. - О нас не говорят на больших собраниях и не пишут в книгах. Хотя почему? Не знаю. Ведь кто служил в трудармии, тоже немало сил отдали войне и победе. Но эта наша доля как-то затерялась в общей тяжелой судьбе, постигшей народ в те годы. И я знаю, что многие почему-то думают, что в трудармии люди были чуть ли не по приговору суда. А это неправда. Пусть в тылу, но мы ведь тоже были солдатами..."*

Мама Оралхана, Кулия, несмотря на прямолинейный характер, была доброй, общительной, интересной рассказчицей. Ее речь - образной, остроумной, полной пословиц и поговорок. Она хорошо пела, ее дастархан собирал много гостей. После окончания в 1961 г. Чингистайской средней школы им. Султанмахмута Торайгырова работал пионерским вожатым, а позднее - трактористом совхоза "Алтайский". По воспоминаниям друзей, Оралхан был красивым и высоким, имел роскошные волнистые волосы и гордую статью, что всегда выделяло его в толпе сверстников. Прямо он был не только осанкой, но и в словах. Часто друзья одергивали его: "Оралхан, будь осторожен, этого нельзя говорить вслух!". В 1968 г. заочно закончил Казахский государственный университет. Работал в редакциях Большеарынской районной газеты «Енбек туы» и Восточно-Казахстанской областной «Коммунизм туы». С 1968 года жил в Алма-Ате, работал в редакциях молодежной газеты «Лениншіл жас» и журнала «Жұлдыз». С 1991 года назначен главным редактором газеты «Казак әдебиеті». В своём дневнике О. Бокеев писал: *"Еще со школьных времен придавал большое значение мечте.*

Хотел быть журналистом - стал им... Нет лучшего аргамака, чем мечта..."

Литература стала не просто его призванием, но творческим бытием. Да, это бытие всю жизнь подпитывалось «родниками» горного Алтая. Бывший тракторист, заочно окончивший журфак КазГУ, ставший как бы в одночасье писателем, только в 25 лет «сменил» родной аул на Алма-Ату, продолжая все-таки по несколько раз в году его навещать.

В литературу вошел стремительно, сразу же удивив непохожестью на других. Лестно отзывались о нем мастера художественного слова: Ч. Айтматов, И. Есенберлин, О. Сулейменов, Ю. Домбровский, Р. Сейсенбаев. За короткую искрометную жизнь он написал десятки произведений. Повесть "Человек-Олень" экранизирована "Казтелефильмом", а пьесы ставились ведущими театрами драмы Казахстана и за рубежом.

Оралхан был художником неустанного поиска новых форм и средств изображения, новых контактов с читателем. Он развивался стремительно, порой опровергая самого себя, отказываясь от уже найденного. Он работал в эпосе и драме. Но и эволюция его прозы достаточно впечатляет. Он начинает с жанра повести, больше похожей на героическую поэму, или дастан в прозе. Это **«Камчигер»** и **«Сказание о матери Айпаре»**.

Романтический пафос первых вещей О. Бокеева узнается в повестях 70-х гг. - в авторской лирической задушевности, открытости, в стремлении к таинственным, порой авантюрным сюжетам, человеческим характерам и судьбам. Это произведения, связанные уже с советской действительностью: **«Когда уходят плеяды»**, **«Отзовись, мой жеребенок»** - трагическая эпоха коллективизации, **«Поезда проходят мимо»** - строительство Турксиба и война, **«Поющие барханы»** - времена подъема целины. **«Снежная девушка»** и **«Отголосок юных дней»** - уже область социально-психологического бытия алтайской сельскохозяйственной глубинки на фоне брежневской эпохи.

В начале 80-х Бокеев пробует «большую» форму - роман **«Огненная арба»**.

Уникальной можно считать книгу Оралхана **«Человек-Олень»**. Композиция этой книги дает авторски подчеркнутое представление о творческой эволюции писателя.

"Все сюжеты моих повестей, рассказов навеяны воспоминаниями о родных местах, действительными событиями юношеских лет, - пишет О. Бокеев. - Мои земляки казахи - люди цельных характеров, честных и открытых сердец. Словно замороженные, живут они в облюбованном предками пространстве. Преданные родным местам, мои земляки - гордые, трудолюбивые, доблестные и честные люди". Герои произведений Оралхана Бокеева - чабаны, охотники, жители горных

алтайских аулов и городков, взрослые и совсем юные. Это люди с ярко выраженным национальным характером, своеобразным духовным строем.



Мужчины и женщины, старые и молодые, грамотные и не очень, они все бьются над тайнами и загадками человеческого бытия, над вечным и роковым проблемами духа. Автора привлекают натуры цельные, прямые и бескомпромиссные - непримиримые противники всякой фальши, приспособленчества, жестокости и своекорыстия. В характерах, созданных Оралханом Бокеевым, раскрываются лучшие черты казахского народа-труженика. Светлая любовь, верная дружба, высокая нравственность, благородство - вот такими уроками человечности воспитывают читателей герои книг писателя.

Читая его повести и рассказы, дивишься реальности его сюжетов, порой удивляешься: ну кого может заинтересовать зачин повести **"Огненная арба"**: *"Не спится одинокому старику Дархану, живущему на разъезде Жыланды. Его мысли поглощены тем, как построить мазар, предназначенный для себя!"* И что же? Размеренное повествование мгновенно захватывает в плен глубиной философских размышлений, неожиданными поворотами сюжета, необыкновенной символичностью и нравственной чистотой героев. *"Таких героев, как железнодорожный обходчик Дархан много, - подчеркивает автор, - сколько - сумей сосчитать, и не променяют они свою "глухомань" ни на какой другой, пусть даже райский уголок на земле... Почему? Кто ответит на это?.. Может, они привыкли в этой внешне однообразной, неустроенной еще, трудноватой жизни видеть большой смысл, тот смысл, который другим неведом?"*.

Писателю было чуждо высокомерие по отношению к простым людям и в литературе, и в жизни. Да и что значит в "жизни"? Жизнь - по-Бокееву - это огромная книга, а художественное произведение - всего лишь конспект, сделанный по этой книге.

Из дневника О. Бокеева: *"Я теперь только узнал, что у меня нет настоящего друга... У меня нет никого, кроме себя, даже своим творчеством я недоволен. Это отнюдь не потеря надежды, это мое желание заново всмотреться в жизнь уже по-иному"*. Быть может, потому так одиноки герои Бокеева. Часто бокеевский литературный образ отражает суть писательской индивидуальности. Вспомним его повести: "Человек-Олень", "Крик", "Огненная арба",

"Отзовись, мой жеребенок!", **"Кербугу"** и **"Бура"**. Порой лишь природа становится спутницей персонажей, она, как живой организм, способна сострадать герою и умереть вместе с ним. Наверное, потому мастер слова Бокеев часто наделяет ее человеческими качествами.

Хижину Дархана в "Огненной арбе" окружала степь. То высохшая, пожухлая, покрытая сухой коркой, то под "стыдливо застывшим на горизонте солнцем" "горит-пылает шальная красавица ... И стоит дунуть ветру, как голые стебельки высохшей травы вплетают свою мелодию в обширную песню осенней степи".

Из дневника О. Бокеева: *"Живя в городе, начинаешь забывать о своем доме, происхождении. Да что там предки, забываешь, что существуют на небе луна, солнце, о звездах забываешь. Люди отчуждаются друг от друга.*

Иногда мне становится страшно, будто нас посадили в машину под названием "город" и везут прямо к бойне, во тьму". Природа у О. Бокеева - неперенный и равноправный участник событий. Она вмешивается в жизнь героев, формирует характеры, вопрошает, наставляет, экзаменует. Аспан из повести **"Крик"**, угодивший в ущелье в ледовый плен. Чабан из повести **"Поющие барханы"**, спасающий овечью отару от натиска расвирепевшей стихии. Молодые трактористы из повести **"Снежная девушка"**, сбившиеся с дороги в непроглядной январской ночи. Все это одновременно и реально и метафорично. Герои погружены в стихию природы, ритм их жизни совпадает с ритмом жизни самой природы. Оралхан Бокеев был и остается жестким писателем, как правило, избегающим идиллий и мелодраматических эффектов. Он творил свой художественный мир, чтобы преодолеть неизбывную ностальгию души, утрачивающей свою духовную родину. *«Когда я пишу, - признавался он, - то нахожу свет в темной ночи одиночества».* Не так ли происходит теперь и с нами, когда мы погружаемся в мир его беспокойной и светлой прозы?



Вся проза Бокеева устремлена к размышлению о добре и зле, о силе и храбрости, о подлинных и мнимых духовных ценностях. В ней торжествует жадная, напористая, неистовая старость к жизни, ее совершенствованию.

Но перед своими гостями Оралхан больше читал не свои произведения, а Б. Майлина. В последние же годы, особенно после смерти жены, бывал задумчивым и грустным, любил уединение. Зато как радовали его дети, появившиеся у него уже в зрелом возрасте: Айжан и Айхан. Айхана назвали в честь безвременно погибшей жены. Первый слог "Ай" - от имени Айман, а "хан" - от Оралхана. Он был редким отцом, заботливым и любящим, посвятившим всего себя детям. Из дневника О. Бокеева: *"Я в течение последних 4-5 лет ничего не писал. Нет настроения. Видимо, я все отдал, что должен был отдать. Теперь живу только для своих детей"*.

Оралхан Бокеев - мастер волшебного слова. У него удивительное чутье на выбор формы, огранки своих произведений. Широко и привольно льются строки его прозы.

Его книги увидели свет на немецком, словацком, болгарском, английском, венгерском, арабском, китайском, японском языках, а также на языках народов СНГ.

О.Бокеев - лауреат Государственной премии Республики Казахстана, премии Ленинского комсомола Казахстана,



литературной премии им. Н. Островского, премий издательств "Молодая гвардия", "Жалын". Имеет правительственные награды: орден "Знак почета", Почетную грамоту Президиума ВС Каз.ССР. Почетный гражданин Катон-Карагайского района.

Умер 16 марта 1993 г. во время творческой командировки в Индии. В 2003 году к 60-летию писателя состоялось торжественное открытие **Дома-музея Оралхана Бокеева** в его родном селе Чингистай Катон-Карагайского района Восточно-Казахстанской области. Это обычный, характерный для Катон-Карагая бревенчатый дом, в котором писатель провел свое детство. После его отъезда в Алматы дом много лет пустовал, и только в 2003 году решением Катон-Карагайского отдела культуры в память о своем земляке был реконструирован в Дом-музей Оралхана Бокеева. Дом-музей включает в себя 4 комнаты: кухню, зал, комнату родителей и комнату отдыха самого писателя. Экспозиция музея представлена предметами быта, принадлежавшими родителям писателя и самому Оралхану.

....По-прежнему над бескрайней степью бегут облака и ветер колышет седой ковыль. Грохочет Бухтарма, чаруют глаз необъятные катон-карагайские леса. Все также пленит и манит к себе вершина Акшоки (в переводе с казахского "белый пик"), восходит и заходит солнце, и звезды совершают свой торжественный путь. Да, стоит поразмыслить над тем, как, оказывается, прекрасна жизнь. И вспоминаются строки Бокеева: *"Как полна счастья и радости жизнь! О господи, что может быть лучше того, чтобы жить! Пусть трудно, пусть даже пробавляясь безгорестно водой, а не сливками! Пусть даже пешком наступать, а не на коне, эту самую сложную, хитрую, как лиса жизнь! Какое это благо - быть..."*

Еңбектердің әліпбилік көрсеткіші

1. Бокеев, О. Кербұғы. Әңгімелер мен повесть. - Алматы: Атамұра, 2003. - 204 б.
2. Бокеев, О. Қайдасың, қасқа құлыным: повесть, әңгімелер. - Астана: Елорда, 1999. - 328 б.
3. Бокеев, О. Ардақ: рассказы / О. Бокеев ; пер. А. Кима, Ю. Домбровского, Б. Момышулы.- Астана: Аударма, 2004.- 68,[4] с. - (Б- ка каз. Прозы).
4. Бокеев, О. Камчигер: повесть / О. Бокеев ; пер. с каз. Р. Сейсенбаев // АМАНАТ.- 2005.- № 1. - С. 144-153.
5. Бокеев, О. Кербугу - серый олень / О. Бокеев // Утренняя роса: рассказы казахских писателей / пер. с каз. Ю. Домбровский.- А-А., 1981.- С. 3-16.
6. Бокеев, О. Кербугу - серый олень: рассказ / О. Бокеев ; пер. Ю. Домбровского // Встреча: избранные рассказы молодых казахских прозаиков.- Алма - Ата.- 1981. - С. 28-39.
7. Бокеев, О. Поезда идут мимо: роман, повесть / О. Бокеев ; пер. с каз. В. Мироглова, А. Кончиса.- Алма – Ата: Жазушы, 1985.- 400 с.: ил.: портр.
8. Бокеев, О. След молнии: повести и рассказы: пер. с каз. / О. Бокеев ; предисл. В. Личутина.- М.: Мол. Гвардия, 1978.- 320 с.- (Молодые писатели).
9. Бокеев, О. Человек - Олень: повести и рассказы: пер. с каз / О. Бокеев.- М.: Известия, 1990.- 512 с.: ил. - (Б-ка "Дружбы народов").
10. Бокеев, О. Человек-Олень: повести: пер. с каз / О. Бокеев ; худож. Ю. Бахмутов.- Алма - Ата: Жалын, 1987.- 496 с.: ил.
11. Бокеев, О. Человек-Олень: повести и рассказы: пер. с каз. / О. Бокеев; сост. Ж. Аскербекқызы; предисл. Б. Канапьянова. - Астана: Аударма, 2011.- 566,[2] с.: ил.- (Б-ка каз. литературы).

Өмірі мен шығармашылығы жайындағы әдебиеттер

1. Ахметова, Е. Оралхан Бөкей шығармаларында көтерілген әлеуметтік тақырыптарды таныту // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2008. - № 2. - 137-139 б.
2. Ахметжан, Т. Қазақ прозасының мұзтауы: Оралхан Бөкей туралы // Қазақ әдебиеті. - 2003. - 5 желтоқсан.
3. Аймұханбетова, Ж. Түс көрудің мифологиялық астарлары: Оралхан Бөкей шығармалары негізінде // Абай. - 2002. - № 2. - 59-63 б.

4. Әшімханұлы Д. Сағыныштан жаралған жан еді: Оралхан Бөкей - 60 жас // Қазақ әдебиеті. - 2008. - 1 тамыз.
5. Балтағарин, Ғ. Оралхан шығармаларындағы ойлар / Ғ. Балтағарин // Ақ желкен.- 2008.- № 9. - 6-7 б.
6. Балтілеуова, Г. Оралхан Бөкейдің романдары туралы // Хабаршы. Филология сериясы. – 2006. - № 2. - 95-97 б.
7. Бөкеев Оралхан // Қазақстан : Ұлттық энциклопедия. - Т. 2. - Алматы, 1999. - 398-399 б.
8. Бөкеев Оралхан // Қазақ әдебиеті: энциклопедия. - Алматы, 1999. - 176 б.
9. Бөкеев Оралхан // Қазақстан жазушылары: XX ғасыр. Анықтамалық.. – Алматы, 2004. - 87 б.
10. Егеубай, А. Мұзбалақ: Оралхан Бөкей - 60 // Жұлдыз. - 2003. - № 12. - 106-113 б.
11. «Жалғызымның аяғын-жерге, арқасын-елге тіредім»: Оралхан Бөкей туралы // Түркістан. – 2003. - 16 қазан.
12. Жұматайқызы, Л. Оралмайтын Оралхан: жазушы туралы естелік // Қазақ әдебиеті. - 2007. - 5 қазан.
13. Жәкешбаева, Р. Менің Оралханым: ақын, жазушы туралы естелік // Дала мен Қала. -2008. - 4 сәуір.
14. Исабеков, Д. Өмір деген ертегі: Оралхан Бөкейдің шығармашылығы // Егемен Қазақстан. - 2003. - 4 қазан.
15. Қайырбеков, Ғ. Алтай аңыздары: [Оралхан Бөкеев туралы] / Ғ. Қайырбеков ; құраст. Б. Хамзақов // Қайырбеков, Ғ. Алыс та жақын жағалау. 2 кітап.- Алматы.- 2006. - 34-42 б.
16. Қаниқызы, К. Дискурс тақырыбының когнитивті - функциональды уәждері: [Оралхан Бөкеев шығармаларын талдау негізінде] / К. Қаниқызы // Қазақ тілі мен әдебиеті.- 2007.- № 8. - 50-54 б.
17. Кәрібай М. Мұзтаудың мұзбалағы: Оралхан Бөкей туралы // Түркістан. - 2006. - 5 қазан.
18. Қирабаев, С. Оралхан Бөкеев повестері туралы: ["Біздің жақта қыс ұзақ"; "Сайтан көпір"; "Қар қызы"; "Жетім бота" т. б.] / С. Қирабаев // Қирабаев, С. Екі томдық шығармалар жинағы. 2. Т. Сын мақалар мен зерттеулер.- Алматы.- 1992. - 517-538 б.
19. Кемелбаева, А. Оралхан Бөкеев әңгіме жанарында // Абай. - 2002. - № 4. - 70-72 б.
20. Құралқанова Б. «Қар қызы» неге қызықтыра береді?: О.Бөкеевтің повесі // Ақиқат. - 2007. - № 5-6. - 77-80 б.
21. Күмісбайұлы, Ш. Оралхан Бөкей (1943-1993) / Ш. Күмісбайұлы // Айгөлек.- 2003. - № 10. - 5 б.

22. Нұрсұлтанқызы Ж. Бейвербалды амалдардың Оралхан Бөкей шығармаларындағы көрініс // Қазақ тілі мен әдебиеті. - 2005. - № 10. - 92-95 б.
23. Он екі айдың бір күні: күнтізбелік нақыштар // Боранғалиұлы, Т. Ғасырға сыр: мақалалар, толғамдар, зерттеулер.- Алматы, 2001.- 253-303 б.
24. Оралхан Бөкеев Алтайдың кербұғысы // Түркістан.- 2003.- 15 мамыр. - 7 б.
25. Бадиков, В. Превозмочь одиночество: О. Бөкеев / В. Бадиков // Бадиков, В. Новые ветры.- Алматы, 2005.- С. 306-316.
26. Оралхан Бөкеев (1943-1993) // О. В. Назарова, В., В. Литвиненко. Казахская литература: учебник-хрестоматия. Часть II.- Астана, 2007.- С. 465-551.
27. Тарлыкова, О. Конспект по книге под названием «Жизнь» [Электронный документ] // http://www.pisatelivko.narod.ru/etno6_files/bakeev.html.

Уважаемые читатели!
Костанайская областная библиотека
для детей и юношества имени И. Алтынсарина
ждёт вас по адресу:
Касымканова, 74
телефоны: 54-27-44 (директор),
54-11-61 (отделы обслуживания),
39-00-42 (метод. отдел),
39-00-43 (отдел обслуживания 7-11 кл. и
юношества).

Библиотека в Интернете:

e-mail: albiblio@ya.ru
www.allib.org

Составитель: Сайрамбаева Ж. И.
Компьютерный набор: Сайрамбаева Ж. И.
Редактор: Жуламанова К. М.
Ответственный за выпуск: Теплякова Н. М.